

ISSN 1811-1831

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯ



3' 2011

ПМУ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ

СОДЕРЖАНИЕ

✓ С.Е. Булекбаева, Г.Б. Таженова О совершенствовании управления педагогической деятельностью учителей общеобразовательной школы.....	6
✓ С.А. Глазырин, Н.С. Глазырина Метод проектов как форма самостоятельной работы студентов с преподавателем.....	10
✓ Р.К. Ержанова, Ж.К. Шерияздан Инклюзивное образование как фактор гуманизации общества.....	16
Б.А. Жекибаева Анализ этапов развития новых информационных технологий	20
Е. Жуматаева, М.М. Сейфуллина Проблемы в детской литературе в процессе этнокультурных знаний	26
✓ Е. Жуматаева, А.Ж. Анесова Вклад Ж. Аймауытова в педагогическую науку	34
Е. Жуматаева, А.Ж. Анесова Педагогическое наследие в творчестве Ж. Аймауытова.....	40
✓ Ж.Ж. Капенова Приципы презентации языкового материала в условиях вузовского образования	45
Д.К. Каскина Воспитание личности безопасного типа как повышение уровня безопасности существования человека.....	50
И.В. Коровайко Организация сетевого общения в дистанционном обучении	56
✓ С.К. Ксембаева, Г.М. Жабагина Содержание социальной работы с женщинами, испытавшими насилие	60
✓ М.М. Сейфуллина Формирование этнокультурных знаний у подростков посредством казахской детской литературы.....	66
✓ Б.У. Серикбаева, С.Е. Булекбаева Среднее образование: китайский и казахстанский опыт развития.....	74
М.Н. Шаяхметова Результаты практико-экспериментальной работы по формированию этнической толерантности будущих педагогов	81
Наши авторы	89
Правила для авторов	90

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

М.М. Сейфуллина

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Бүгінгі таңда қазақ балалар әдебиетінің этномәдени білім беру тұрғысында зерттелуі, фольклор мен ауыз әдебиеті мұраларын жинаудан басталатыны мәлім. Балаларға қатысты тікелей арналған және арнайы ұсынылмаса да, оның талап-тілегіне бағытталған Ы.Алтынсариннің еңбектері балалардың түсінуіне жеңіл, мұраты ұғынықты халық әдебиеті туындыларын іріктеумен бірге, классикалық орыс әдебиетінің өкілдері мен ағартушы-педагогтарының еңбектерін саралап, тәржімалап, өзінің жеке тұжырымдарын шығарған «Қазақ хрестоматиясы» ағартушы өмір сүрген заманның рухани сұранысын өтеуге қосылған құрал болуымен қатар, қазақ балалар әдебиетінің көшбасшысы болды дегенге негіз толық.

Әдебиеттану ғылымында әр жанр өздігінен пайда болмайтынын ескерсек, бірден повесть жазылған жоқ. М.Әуезов ол туралы: «Прозаның, прозалық туындылардың жанрлық элементтері біздің тұрмыс-салт ертегілерімізде, тарихи аңыз-әңгімелерімізде көп байқалатыны анық», - десе, Қ.Жұмалиев: «Ауыз әдебиетінен тыс, онымен еш байланыссыз дамып, өздігінен өркендеген жазба әдебиеті жоқ. Әр жанрдың алтын бастауы сонау салт-дәстүрімізден, аңыз-әңгімелерден нәр алған», - деп тұжырымдады. Соның ішінде бұл сипат балалар әдебиетінде танылады. Мысалға, «Күн астындағы Күнекей қыз», «Ер Төстік» ертегілеріндегі кейіпкерлер аттары - Таусоғар, Желаяк, Саққұлақ, Колтаусар бала ұғымына, қабылдауына сай жазылуымен назар аудартады. Ондағы оқиғалар баланың көз алдына аталған оқиғаларды айқын бейнелеуге арналған.

Ең алдымен «повесть» деген ұғым - орыстың көне дәуірден келе жатқан төл сөзі екендігін дәйектеген жөн. Бұл әуелде өмірде болған әр түрлі ірі оқиғаларды, жылнама, шежіре беттеріне тізіп жазып қою, баяндау сөзінен туған дегенге саятын пікір көңіл бөлерлік. Орыс сыншысы В.Г.Белинскийдің: «Повесть кішігірім романға ұқсас, оның кішігірім болатындығы мазмұнының ықшамдылығынан туады. Иә, повесть - бөліктер мен мыңдаған бөлімдерге ыдыраған роман; романның үзіп алынған тараулар» - деуі, повестің табиғат ерекшелігін аша түседі [1].

Балаларға арналған шығармаларға қойылатын талаптың бірі саналатын бала мінезін, әрекетін, психологиясын дәл басып көрсету арқылы балалар

бейнесін жинақтап, даралай отырып, типтендірген жазушылар қатарына С.Бегалин, Б.Сокпақбаев, М.Гумеров, М.Тиесов, С.Сарғасқаев, М.Қабанбаев, М.Қаназов т.б. жатқызуға болады.

Ал орыс әдебиеттану ғылымында, балалар әдебиеті негізінен алғанда, XVII ғасырдың 30 ж.ж. жандана бастады. Бұл мәселерге арналған зерттеулер аз емес. В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский, К.Д.Ушинский, К.И.Чуковский, т.е.с. осы жанр туралы алғаш пікір айтқан ғалымдар.

Қазақ балалар әдебиетінің зерттелу жайы, жалпы әдебиеттану ғылымының кәсіптік деңгейі мен дамуына байланысты. Қазақ әдебиеттануының тарихи жолына зер салғанда, бұл салаға қатысты пікір айтқан қаламгерлер қатарының әжептәуір салмақты екені байқалады. Олардың алдыңғы сапында қазақ әдебиетінің көрнекті классиктері - А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов болса, олардан кейін Ө.Тұрманжанов, С.Бегалин, Ш.Ахметов, Ә.Тәжібаев, С.Қирабаев, М.Әлімбаев, М.Ғабдуллин, Қ.Ергөбеков, Б.Сарбалаев, Т.Мәмесейітов және т.б. бүгінге дейін көптеген сыншы, ғалымдар, ақын-жазушылар әдебиеттегі балалар бейнелері жайында әр түрлі деңгейде пікір айтып келді. Жекелеген қаламгерлердің шығармашылық жолына шолу жасау арқылы олардың балалар әдебиетіне қосқан үлесін, солар арқылы балалар әдебиетінің қаншалықты өскенін, жекелеген жанрлардың дамуы мен тақырыптардың қалай игерілгенін пайымдауға болады. Балалар әдебиетінің тарихи бел-белестерін, жекелеген жанрларын, кейбір өзекті мәселелерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан арнайы қарастырған ғылыми зерттеулер, монографиялар, жоғары және орта оқу орындарына арналған балалар әдебиеті оқулықтары онша көп емес.

Ал осылардың ішінен балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесін педагогикалық арнайы зерттеген еңбектер жоқтың қасы. Басқа тақырыпты зерттей келіп, балалар бейнесіне қатысты ішінара талдау жасап кететін еңбектерді айтпағанда, балалар әдебиетін тікелей зерттеген әдебиетші ғалымдар да санаулы. Негізгі еңбек ретінде Ш.Ахметовтың қазақ балалар фольклорынан бастап, алпысыншы жылдар соңына дейінгі кезеңдегі балалар әдебиетінің дамуына шолу жасайтын «Балалар әдебиетінің очерктері», «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі», «Қазақ совет балалар әдебиеті» секілді еңбектері оқу орындарында балалар әдебиетінің арнайы пән ретінде оқылуына, тәл әдебиетіміздің үлкен бір саласы ретінде насихатталуына айтарлықтай үлес қосып, келешек зерттеулердің жалғасуына өзіндік негіз болғандығын атап өтуіміз орынды.

С.Өскенбаевтың «Қазақ балалар прозасының даму тенденциясы» (1970), К.Нұғыбаеваның «Жетпіс-сексенінші жылдардағы балалар әдебиетінің кейбір мәселелері» (1984), К.Матыжановтың «Балалар фольклоры» (1990), Ә.Өтегенованың «Қазіргі балалар әңгімесінің көркемдік ерекшеліктері»

(1992) және арнайы қазақ балалар повесі жанрын зерттеуді мақсат тұтқан Б.Ыбырайымның «Қазіргі қазақ балалар повесінің көркемдік ерекшеліктері» (1990) тақырыбындағы кандидаттық және «Қазіргі қазақ балалар прозасы және рухани эстетикалық даму мәселелері» (1998) тақырыбындағы докторлық диссертациясы, Б.Қапасованың «Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы» (2000), А.Ақтанованың «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы» (2003) сияқты кандидаттық диссертацияларын атап өтуге болады. Бұл еңбектерде қазақ балалар әдебиетінің жекелеген жанрларының қалыптасуы, дамуы, көркемдік ерекшеліктері, проблематикасы зерттеу мақсатына байланысты әртүрлі аспектіде қамтылып отырған. Алайда, біздің педагогика ғылымында жасөспірімдерге қатысты шығармалар кеңжелеу қарастырылғанына назар аударған жөн. Себебі, қазақ балалар повестерін жеке алмай, оны қазақ балалар прозасы ішінде зерттелуі де, осы айтқанымызды дәлелдейді.

Алайда бүгінгі уақыт талабына байланысты бұл тараптағы ғылыми ізденістерді жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі туып отыр.

Бала кейіпкерлердің көркемдік бейнесін сомдаудағы шеберлік сырларын талдап көрсету теориялық ойларды жүйелеуге де ықпал жасағанын атап өткен жөн. Осы тұрғыдан аталған жанр шығармаларының көркемдік сипаттарының фольклормен және ауыз әдебиетімен тамырластығы, бүгінгі профессионалдык деңгейге көтерілуі орыс және шетел прозасының көркемдік тәжірибесін игеруге байланысты екендігі, ғасырлар тереңінде тұнған ұлттық құнарлы дәстүрлерді кәдеге жаратуға орайлас болатындығы әр қырынан қамтылып, сараланды.

Әдебиеттегі көркем бейне жасау мәселесі ешқашан шешімін тауып көрген жоқ, уақыт өткен сайын тың проблемаларды көлденең тартып отырады. Бұл мәселе қазақ прозасында үнемі күн тәртібінен түсіп көрген емес. Академик Р.Бердібаевтың «Қазіргі қазақ прозасында замандас тұлғасын жасау мәселесі аса күрделі, терең зерттеулерді қажет етеді. Бұл үшін жекелеген шығармаларды нақтылы талдау да, проза дамуының жалпы тенденциясын ашу да шарт» деген пікірі осы тұжырыммен үндес екендігі сөзсіз.

Образ деген ұғымға қатысты айтылған пайымдаулар қашан да күрделі болуымен назар аударған. Филология ғылымдарының докторы Т.Рахымжановтың «Кең мағынасында образ - көркем бейне деген түсінікті берсе, тар мағынасында образдылық сөзбен жасалған сурет деген ұғымға саяды. Яғни, өдебиет бастан-аяқ образбен, суретті сөзбен айшықталатын, сол арқылы, толымды картинка жасайтын көркем құбылыс» деп айтқан бұл пікірі балалар әдебиетіне де толық келетіні анық. Педагогика іліміндегі білім мазмұны жоғарыдағы пікірлерді ескеруге бағыт береді.

Тақырыпты нақтырақ өрбіту үшін зерттеу нысандарына да нақтырақ үңіле түскен жөн. Белгілі балалар жазушысы Б.Соқпақбаев оқырман жұртшылыққа «Менің атым Қожа», «Жекпе-жек», «Балалық шаққа саяхат»,

«Қайдасың, Гауһар?» жөне басқа да басқа да повестерімен кеңінен танымал Солай болған күнде де, зерттеуші ғалымдардың, әдебиет сыншыларының аузына ең алдымен «Менің атым Қожа» шығармасы ілігеді. Әрине, бұл повесть өз кезеңінде қазақ баласының мейлінше дараланған образын сомдап жасауымен назар аударған болатын. Бірақ бұл зерттеуде Қожа бейнесін талдамас бұрын алдымен жазушының «Балалық шаққа саяхат» повесіндегі бала кейіпкерлердің көркем табиғатын зерделеу мәселесіне назар аударылып отыр. Өйткені бұл шығарманың идеялық көркемдік деңгейі олқы соғып жатпаса да, көбінесе «Менің атым Қожа» повесінің тасасында қалып, өдебиет сыншыларымен зерттеушілер ол жөнінде тиісінше баға бере қойған жоқ.

Жазушының өмірбаяндық оқиғаларының негізінде жазылған екі шығармасы - осы аталған повесі жөне «Өлгендер қайтып келмейді» романы екені белгілі. Бұлар екеуі де қоғамдық әлеуметтік салмағы, эстетикалық деңгейі жағынан көркем дүниелер. Соған қарамастан, осы екеуін бұрын әдеби зерттеулерде көбінесе алдыңғы шығарма жиірек әңгіме болып жатады. Сондықтан да алғашқы өмірбаяндық повестегі балалар бейнесіне, оның ішінде бас кейіпкер Бердібектің сомдалуына тоқталып өту орынды болмақ. Сөз жоқ, бұл повестің көркемдік объектісі жазушының өзі жақсы білетін өмірлік материалынан алынған. Әдебиет зерттеушісі Ш.Ахметовтың «Балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді» деген пікірі осындай шығармашылық қатынасты айқындайды.

Ғалым Ш.Елеуенов «Өмір талабы - әдебиет талабы. Ол өдеби үдерістің ішкі даму қажеттілігімен жарасымды ұштасады. Ұлт әдебиеттерінің басым бөлігінде осы заман тақырыбын игеру өткен заманның көркем шежіресін жасау жолымен жүзеге асып отырғанын өлде бір кездейсоқтық деп түсінуге болмайды. Бүгінгі күннің қаһарманын тану үшін сол қаһарманның әдеби «генеологиясына», үрім-бұтағына да көз жүгірту керек. Халықтың кешегі мен бүгін, бүгін мен ертеңін салыстыра отырып білу үшін де бұл өте қажет» - деп одан әрі тереңдете талдайды.

Демек, әрбір көркем шығарма халық тарихының көркем шежіресі болса, әр жас кейіпкер сол шежіренің тірі ұшқыны. Алғашқы нұсқаларында «Балалық шаққа саяхат» повесінің бас кейіпкері Бектас аталатын. 1993 жылы «Балауса» баспасынан жарық көрген кейінгі нұсқасында Бердібек деп өзгертілген. Яғни жазушының өз атына, бірінші жақтан баяндалатын повесте жазушының өз есімі сол қалыпта берілген.

Шығарма мазмұнымен мұқият танысып шыққаннан кейін осындағы бас кейіпкердің прототипі жазушының өзі деген қорытынды пікір туындайды. Шығарма авторы өз өміріне қатысты деректер мен оқиғаларды көркемдік тұрғыдан екшеп, іріктей отырып, оқырман үшін қызықты болуы мүмкін

деген тұстарына көбірек тоқталғаны байқалады. Повесте қазақ халқы үшін ауыртпашылық әкелген өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ауыл өмірі, соның ішінде жазушының өзі туып-өскен Алматы облысына қарасты Нарынқол өңіріндегі жұрттың ауыр тіршілігі әр қырынан суреттеледі. Осынау қиын кезеңдегі саяси-әлеуметтік құбылыстардың көріністері жас баланың көзімен шынайы жеткізілуі образдың табиғи түрде ашыла түсуіне, оның таным эволюциясына әсер еткені анық.

Б.Соқпақбаевтың басқа шығармаларында да балалар бейнесін жасаудағы осынау реалистік тұрғыда одан әрі жалғасын тауып отырады. Жалпы оның шығармашылығынан саясатқа сәйкестендіріп жасаған шартты образдарды, образ жасау жолындағы жасанды шаблондарды сирек кездестіресіз.

Қаламгердің осынау көркемдік ұстанымы жайлы академик С.Қирабаев: «Бердібек Соқпақбаев - қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп, көз алдына жайып салатын, кейіпкерлерді даралау мен психологиялық бейнелеудің өзгеше бір жолын тапқан талантты жазушыларымыздың бірі. Жасынан өмір талқысын көп көрген адамның өмірбаяндық деректері оның шығармаларына арқау болды. Ол сол көргендері мен сезінген дүниесін Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі ауыр кезеңнің шындығына сәйкес жаңартып, ой елегінен өткізіп, типтік орта шындығына лайық типтік бейнелер арқылы аша білді» деп синтездік қорытынды жасайды.

Жазушының әңгіме-повестеріндегі бала бейнелері өмірдің өз қойнауынан тікелей алынғандай әсер етеді. Бұл ерекшеліктер шығарманың көркемдік қуатының да айқын нышаны болып табылмақ.

Болмыстағы алуан құбылыстарды пайымдауда өсіресе балалар үшін идеялық-эстетикалық нысаналар айқындығының маңызы зор. Ізгілік пен қатыгездіктің, мейірбандылық пен жауыздықтың айқын көрсетілуі әлі өмірлік көзқарасы қалыптасып үлгермеген балалардың адамгершілік-азаматтық белсенділігін арттыруға, өмірлік мұратын таңдауға зор ықпал етері сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа», «Жекпе-жек» және т.б. повестеріндегі бала бейнелерімен бір қарағанда шынайы көрінгенмен, күрделі жасалғанын да атап өткен жөн. Жанбосын, Жантас, Садық секілді сотанақ, көрсеқызар, мақтаншақ балалар бейнелері әр қырынан суреттеледі. Шығарманың басты кейіпкерлеріне үнемі зиянын тигізіп, күлкілі, кейде тіпті ауыр жағдайларға душар етіп отыратын да, міне, осындай жандар. Бұл – педагогика іліміндегі білім мазмұны [2].

Мысалы, «Балалық шаққа саяхат» повесіндегі Жанбосын деген өктем бала бас кейіпкер Бердібекке әрқашан өлімжеттік жасап, басқарма әкесінің беделін пайдаланып, өзін үнемі жоғары қоюға күштар. Бердібектің үстінде жоқ киім киіп, ол жемеген ақ нанды қалтасына салып, айналасын тіпті менсінгісі келмейді. Бұл жерде жазушы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің ұшқыны баланың жан-дүниесіне, дүниетанымының қалыптасуына тікелей

әсер ететіндігін нақты штрихтармен сипаттап өтеді. Яғни, оқырман қаласын-қаламасын, өмірдің ащы шындығы балалар арасында әлжуметтік теңсіздіктің бар екендігін көрсетеді. Сол теңсіздік, көрген қиянаты ашындырғанымен, оған бала Бердібек жасымайды, қайта барынша үздік оқуға тырысып, алға қойған мақсатына жетуге талпынады. Осы талпыныс арқасында өз өмір жолындағы көптеген кедергілерге қарамастан, білімді азамат болып қалыптасуға бет алғаны байқалады. Жасөспірімге бұл білім мазмұнынан адами құндылықтарды игерулеріне мүмкіндік алады.

Б.Соқпақбаев шығармашылығы жайлы айта келіп, академик Р.Нұрғалиев: «Бұл қаламгердің, ең алдымен, өмір шындығын пір тұтуы, көрген, сезген бойына етене объектіні ғана туындысына арқау етуі, адам мінездерін даралап алуы, әсіресе баланы, жасөспірімнің психологиясын жетік білуі, көркемдік құралдарды пайдаланудағы өзіне тән шеберлігі - оның шығармаларын басқа ұлт оқырмандарына да қымбат етіп отыр. Мұның дәлелі - «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа» деп қорытынды жасайды.

Повестегі бас кейіпкердің прототипі жазушының өзі болғандықтан, автор Бердібектің бейнесі арқылы өз өмірінен, балалық шағынан хабар береді. Бердібек, Жанбосын, Жүнісбай, Майра образдарында балалық мінез-құлық дәуір тынысына сәйкес пьшайы қалпында, реалистік сипатта көрінгенін атап өту керек.

«Жанбосынды менің жек көруім үстіндегі киімінің бүтіндігі үшін. Аяғындағы менде жоқ бұжыр табан әдемі бәтеңкесі үшін. Жанбосынның алып келетіні - аппақ нан. Үзіліс кезінде анадай көрнеңкі оқшау жерде тұрып, өдейі біздің көзімізді қызықтырып, баппен шайнап жей бастайды. Біз оған көңіл аудармаған боламыз. Қарамауға тырысамыз» - деп, автор екі баланың киім киісінің өзгешелігін бұжыр табан әдемі бәтеңке, ақ нан арқылы осы екі баланың мінез ерекшелігін де қарама-қарсы түрде алып, салыстыра суреттейді. Қаламгердің бұл көркемдік тәсілі ұтымды. Осы әдіс жөнінде филология ғылымдарының докторы Т.Кәкішев: «Дүниені салыстыру, теңестіру, қарама-қарсы көрсету, өсіресе, құлақпен естіп отырғанды көзге елестетіп, санаға құюдың ең төте жолы болса керек» деп тұжырым жасаған. Бұл пікір жоғарыдағы үзіндінің педагогикалық негіздегі білім алу тұрғысында мазмұнын ашып тұр.

Жанбосын Бердібекті алғырлығы, білімділігі, білгіштігі үшін жек көрсе, Бердібек Жанбосынды үстіндегі бүтін киімі, қолындағы ақ наны үшін ұнатпайды. Өзінде жоқ жақсы заттардың ұғымы да, алғырлығы да, ең бастысы адамгершілігі де өзінен төмен балада болуы әділетсіздік сияқты көрінеді. Балалар арасында ұшырасып жатқан әр алуан сипаттағы осындай тартысты, бала психологиясының өзіндік ерекшеліктерін жазушы жекелеген шағын штрих, нақты детальдар арқылы шебер суреттеген. Бұл орайда білім мазмұнындағы рухани және заттық құндылықтарға мән беріледі.

Сонымен бірге жеткіншектерді кейіпкерлердің жаман қылықтары да шошытып, оның бойында белгілі бір жақсы қасиеттердің қалыптасуын орнықтыра түседі. Жаманшылық ұғымы кейде адамды өмірден түнілдіріп те жібереді. Әлі лайланбаған сәбидің таза көңіліне кіреуке түсіріп, еріксіз күйзелісті жағдайларға душар етеді. Мұндай эмоционалдық теріс құбылыстар әлі көзқарасы қалыптаспаған жас адамға «Балалық шаққа саяхат» повесіндегі Бердібектің көзін тырнап ашпай жатып көрген әділетсіздіктері, қиянаттары мен басқа да жаманшылықтары жас балаға қатты әсер етеді.

Бірыңғай ізгілікті іс-әрекеттер бола бермейтінін білім мазмұнындағы көлеңкелі мінез-құлық арқылы қайшылықты тұстармен дәлелдеу орынды.

Шығармада кейбір кейіпкерлердің Бердібекке тигізген залалы, көрсеткен зәбір-жапасы аз емес. Тіпті асып жығылады десек те болады. Кейде назаланып, күйзеліп қалатын ол балаға тән мінезбен наразылығын білдірсе кіжіну, біресе жылап-сықтау арқылы сездіріп отырғанымен, бәрібір айналып келгенде, түбі мойымайды, өзіне тән қайсар мінезбен өмірдегі әділетсіздіктерге қарсы тұра біледі. Мүмкін, ол осы күрескерлік жолында жаңсақтық жіберуі, қарсыласудың әдісін дұрыс тандай алмауы мүмкін. Бірақ бұдан бала бойындағы оптимистік рух күшеймесе, кемімейді. Жазушының Бердібекті осындай күрес үстінде, қайшылықтар арасында көрсетуі кейіпкер бейнесін мейлінше нанымды етіп шығарған. Мұның өзі шығарманың өмірдің өз ортасынан ойып алынған шыншыл дүние екенін анық байқатады. Автор кейіпкердің толғанысын ішкі ойы, өзі туралы пікірлері, түрлі монологы арқылы оның бар қыры мен сырын ашып береді. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев: «Драматург кейіпкер сөзін белгілі мақсатқа ойластырғанда, әрқашан мінез жасау, психология беру талабы бір бүйірде жатпақ» деп айтқандай, жазушы ізденісі де осыған ұқсас.

Повесте Бердібекке қарама-қарсы бейнеленген кейіпкерлердің бірі - Көпекбайұлы Жүнісбай. Бұл өзі - Бердібектен сөл ғана ересек, жас жеткіншек. Соған қарамастан, айналасындағыларға өктемдігін жүргізіп, үйреніп қалған пысық бала. Жұртты өзіне мәжбүр етіп, реті келсе үстемдік жасап, сондай әрекетінен рахаттанып отырады. Жастайынан биік мансапқа құмарлығы, жұртқа тізе батыру әрекетінен ләззат алуы, сол үшін түкке тұрмайтын нәрсеге бола ілінісіп, адамды жер-жебіріне жетін қорлап та жіберуі - осынау жас кейіпкердің адам ретіндегі болмыс-бітімінен хабар беретін факторлар. Тіпті Жүнісбайдан кейде ауылдағы үлкен адамдардың өзі де қаймығады екен. Өйткені ол қол астындағы балаларды бір шыбықпен үйіруді місе тұта қоймай, енді үлкендерге де ауыз сала бастаған. Көшедегі адамдарды тексеруі өз алдына, жиналыста суырылып шығып сөйлеп, ересек жандардың ісіне де араласып кетеді.

Жүнісбай бейнесі шығарманың бас жағында басымырақ суреттеліп келеді де, бас кейіпкердің мекен-тұрағының ауысуына байланысты кейін

оқырман одан көз жазып қалады. Соған қарамастан бұл баланың келешекте қандай адам болып шығатыны образдың жасалу эволюциясы арқылы белгілі болып тұрады. Оның жоғарыда айтылған пысықтығы мен әлімжеттік мінездері бас кейіпкер Бердібекке оңай тимейді. Оның тізе батыруы - Бердібек үшін естен кетпес қиянат көріністері [3].

Сарбастауға бірге оқуға бара жатқан Бердібекті шанаға отырғызу үшін ол ұялмай-қызармай, ақы сұрайды. Ақы болғанда да Бердібектің байлығы тасып бара жатқан байдың баласы емес екенін біле тұрып, алып шыққан азығы - екі таба нанының біреуіне жармасады. Айдалада әбден шаршаған, өзі ауырып келе жатқан бала үшін мұндай шарттың қаншалықты ауыр тиетіні айтпаса да түсінікті. Осы деталь арқылы шарасыз Бердібектің жан күйзелісі, озбыр балалардың қиянаты анық сипатталған. Балалар арасындағы мұндай әлеуметтік тартыстар жас оқырман жан дүниесін еріксіз ойландырып, толғандырады.

Бердібектің өмір тану жолындағы іс-әрекеттері, өзінше жасайтын пайымдаулары басқа да жас кейіпкерлердің басында жиі кездесетін, яғни, типтік жағдай. Осы арада орыс балалар әдебиетін зерттеуші ғалым А. Акимовтың мына бір пікіріне назар аударсақ: «Осынау сарқылмас бұлақ көшінен дәм татқан оқырман рухани байып түсіп, өз өміріне қайта айналып соғады, сөйтіп оны басқа сапалық тұрғыдан қабылдайтын болады. Дүниені жанадан ашқандай болған ол өзін де жаңаша танығандай болады. Айналып келгенде, өнердің, әдебиеттің басты мақсаты - адамның өзін-өзі ашуы болып табылады»- дейді, яғни, жас кездегі өмір тәжірибесін, сол кезеңде санада жатталған әсер іздерін басқа бір құбылыспен, өсерлі баламамен ауыстыру қиын.

Повесть кейіпкерінің кейін адам жанының инженері, жазушы болып шығуына осынау өзін-өзі тани білу жолдары, өмірден көрген ащы тәжірибелері әсер етпеді дегенге бола ма? Әсіресе өктем жандардың, қатарлас теңтек балалардың негізсіз қиянаттары шығарма бетінде көркем баяндалып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Наурызбай Ж. Ұлттың ұлы бола алсақ. Мақалалар, сұхбаттар мен зерттеулер. – Алматы: Ана тілі, 1997. - 160 б.
2. Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың тұтас дидактикалық жүйесі /монография/. – Алматы, 2001 ж. - 208 б.
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2004. - 448 б.

Резюме

В данной статье поднимается вопрос формирования этнокультурных знаний у подростков посредством казахской детской литературы.

Resume

There is the question about formation of teenagers' ethnocultural knowledge in this article. Kazakh children's literature forms the teenagers' ethnocultural knowledge.

✓